Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 тамыздағы N 743 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 17 қарашадағы N 1164 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.03.30. N 326 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы 1998 жылғы 5 тамыздағы N 743 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 27, 228-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 17 қарашадағы N 1164 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Бәсекелестікті дамыту және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

Табиғи монополияларды реттеу департаменті

Монополияларға қарсы заңдардың сақталуын қадағалау департаменті

Ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК